

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы N 867 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 шілдедегі N 722 Қаулысы

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 тамыздағы N 383 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 8 шілдедегі N 629 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы N 867 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., N 36, 407-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысын дамытудың 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

1-бөлімде Ұйымдастыру іс-шаралары:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 1.2-1-жолмен толықтырылсын:

"

1.2-1	Мемлекеттік жалға берілетін тұрғын үйлерден алынатын жалдау ақысын есептеу әдістемесін бекіту	ИСМ-нің бұйрығы	ИСМ	2008 жылғы III тоқсан	Шығыстар болжанбайды
-------	---	-----------------	-----	-----------------------	----------------------

" ;

реттік нөмірі 1.6-жолда:

2-бағанның екінші абзацы алынып тасталсын;

5-бағандағы "2008 - 2009 жылдар" деген сөздер алынып тасталсын;

6-бағандағы "25 млрд. теңге, оның ішінде: 2008 жылы - 15 млрд. теңге; 2009 жылы - 10 млрд. теңге" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 1.7-жолда:

2-бағандағы "жалға берілетін (коммуналдық) тұрғын үйді" деген сөздер " мемлекеттік жалға берілетін үйлерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"28,7 млрд. теңге, оның ішінде: 2008 жылы - 9,6 млрд. теңге; 2009 жылы - 9,6 млрд. теңге; 2010 жылы - 9,5 млрд. теңге";

реттік нөмірі 1.10-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"13 млрд. 492 млн. теңге, оның ішінде: 2008 жылы - 1 млрд. 026 млн. теңге; 2009 жылы - 4 млрд. 624 млн. теңге; 2010 жылы - 7 млрд. 842 млн. теңге";

реттік нөмірі 1.11-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"6 млрд. 508 млн. теңге, оның ішінде: 2008 жылы - 1 млрд. 123 млн. теңге; 2009 жылы - 2 млрд. 599 млн. теңге; 2010 жылы - 2 млрд. 786 млн. теңге";

реттік нөмірі 1.12-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"2008 жылғы III тоқсан";

2-бөлімде Ипотекалық кредит беру жүйесін жетілдіру:

реттік нөмірлері 2.1, 2.2, 2.3-жолдар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 2.4-жолмен толықтырылсын:

"

2.4	Бюджеттік өтінімде ӘКК жарғылық капиталын ұлғайтуға қаржат көздеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, ЭБЖМ, Қаржы-мині	2008-2009 жылдар	30 млрд. теңге, оның ішінде: 2008 жылы - 15 млрд. теңге; 2009 жылы - 12 млрд. теңге, 2010 жылы - 3 млрд. теңге
-----	---	---	-----------------------	------------------	--

" ;

3-бөлімде Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесін дамыту:

реттік нөмірі 3.1-жолда:

2-баған "жарғылық" деген сөзден кейін "және резервтік" деген сөздермен толықтырылсын ;

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"10 млрд. 300 млн. теңге, оның ішінде: 2008 жылы - 6 млрд. 600 млн. теңге; 2009 жылы - 1 млрд. 900 млн. теңге; 2010 жылы - 1 млрд. 800 млн. теңге";

реттік нөмірі 3.2-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"57 млрд. теңге, оның ішінде: 2008 жылы - 23 млрд. 560 млн. теңге; 2009 жылы - 18 млрд. 277 млн. теңге; 2010 жылы - 15 млрд. 163 млн. теңге";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3.3-жолмен толықтырылсын:

"

			Қаржы-мині		
--	--	--	------------	--	--

3.3	"ТҚЖБ" АҚ және "ҚИК" АҚ акцияларының мемлекеттік пакеттерін "Қазына" ОДҚ" АҚ-ның жарғылық капиталын төлеуге беру мүмкіндігін карау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу	(жинақтау), ЭБЖМ, ИСМ, Әділет-мині, ҰБ (келісім бойынша), ҚҚА (келісім бойынша), "Қазына" ОДҚ" АҚ (келісім бойынша)	2008 жылдың ІІ жарты-жылдығы	Шығыстар болжанбайды
-----	--	---	---	------------------------------	----------------------

" .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК